



ПРИОЗЕРСКИЙ

18+

№ 17/661

24 апреля 2020 года

газета издается с 26.06.2004 года

Вестник

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

ПОЗДРАВЛЯЕМ С ДНЁМ ЕДИНСТВА НАРОДА КАЗАХСТАНА!

Құрметті әріптестер және қала тұрғындары!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен құттықтаймыз!

Бұл мереке көп ұлтты Қазақстан халқының тамаша дәстүрі, бейбітшілік пен келісімнің символы болып қалыптасты. Бірлік пен келісім, Отанымыздың тағдыры үшін ортақ жауапкершілік – Қазақстанның дамуының стратегиялық ресурстары және біздің күш-қуатымыз бен келешекке деген сеніміміздің негізі болып табылады.

Сіздерге зор денсаулық, көтеріңкі көңіл-күй, бақыт пен табыс, береке, бірлік, тыныштық және де болашақ тілейміз!

Құрметпен,
Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые коллеги и жители города!

Поздравляем Вас с праздником единства народа Казахстана!

Этот праздник стал замечательной традицией многонационального народа Казахстана, символом мира и согласия.

Согласие и сплоченность, общая ответственность за судьбу Отечества – это стратегические ресурсы успешного

развития Казахстана, главные источники нашей силы и уверенности в завтрашнем дне.

Желаем Вам крепкого здоровья, весеннего настроения, счастья, успехов и благополучия, мира, согласия и спокойствия, оптимизма и уверенности в будущем!

С уважением,
Акима города
Секретарь маслихата

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков



Б І Р Л І Г І Б А Р Е Л – Б Е Р Е К Е Л І Е Л

1-мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Еліміздегі халықтардың бірлігі мен татулығын, тұтастығын дәріптейтін осынау мемлекеттік мереке биылғы тосаттан келген дертке байланысты аталып өтпейтін болғанымен, газетіміз тарапынан мереке туралы бірер сөз айта кетуді өзінің борышы санады. Бүгінгі әңгімеміз қазақстан халықтарының басын біріктіруде үлкен роль атқарып отырған ұйым туралы болмақ.

1995-жылдың наурызында дүние жүзіне үлгі болып отырған, ұлттаралық татулық пен тұрақтылықтың феномені – Қазақстан халықтары Ассамблеясы құрылды. Бұл ешбір елде болмаған ерекше, саяси маңызы зор құрылым.

Өзара түсіністік, ұстамдылық, әр түрлі ұлттар өкілдерінің рухани және мәдени құндылықтарына құрметпен қарау әдеби барлық этностарға ортақ жалпы халықтық идеалдар мен қасиеттерді қалыптастыруға әсер етті. Нәтижесінде әрбір ұлт конституциялық-құқықтық заңнама негізінде өзіне тән этностық ерекшелігін сақтай отырып, Қазақстанның қоғамдық құрылымына үйлестіріліп білді. Жалпы, Елбасы келешекте Ассамблеяның республикамыздың алдағы даму уақытының жаңа кезеңінде келесі төрт міндетті дәйекті түрде шешу керектігін атап көрсетті. Олар: Қазақстандағы ұлттаралық тұрақтылықтың кепілі бола алатын, елдегі бейбітшілікті қамтамасыз етудің негізі болып табылатын халықтардың бірлігін нығайту және Қазақстан қоғамын жанартаудың саяси идеология мен ағымдағы «сұраныстан» биік тұратын негіз қалаушы құндылықтары бойынша арнайы қоғамдық келісімді қолдау мен дамыта беру, біртұтас қазақстандық қоғам құрудың негізі болып табылатын Қазақстанның барлық азаматтары үшін олардың ұлттық, әлеуметтік шығу тегіне қарамастан, тең мүмкіндіктерге негізделген біртұтас азаматтығын нығайту, қоғамдағы этносаралық және конфессияаралық келісім мен ықыластылықты одан әрі нығайтуға қажетті қолайлы жағдайларды қамтамасыз етуге бағытталған шаралар кешені, сондай-ақ келеңсіз оқиғаларды болдырмау және әрбір азаматтың конституциялық мүддесін қорғауға бағытталып отырған қоғамдағы экстремизм мен радикализмнің кез келген көріністеріне және біздің азамат-

тарымыздың конституциялық құқықтарына қысым жасауды көздейтін әрекеттерге қатаң, әрі дәйекті тұру міндеттері болып табылады.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясы – ұйымдық құрылым ғана емес, ол біздің өміріміздің ажырамас бөлігі, біздің тыныштығымыз бен бірлігіміздің белгісі. Мемлекетіміздің ұстанған ұлттық саясатын насихаттау мақсатында Қазақстан халықтары Ассамблеясы шетелдік ұйымдармен қарым-қатынасты нығайта түсуде. Қазір Қазақстанда елдің ұлттық-мәдени алуандылығын қоғамдық дамудың оң ықпал етуші факторына айналдырудың барлық алғышарттары бар. Бүгінде байтақ елімізді мекендеген барлық ұлттар мен ұлыстар патриотизм ұғымын жаңаша түсіне бастады. Олар бұл ұғымды тек ата тегімен ғана байланыстырып қоймай, Қазақстанның мемлекеттілігі, басқа ұлттың мәдениеті мен дәстүріне деген толерантты көзқарас сияқты қасиеттер арқылы қарастыруда. Жетекші сарапшылардың пікіріне сүйенсек, қазақстандық қоғамдағы қалыптасқан толеранттылықтың негізінде бірнеше фактор жатыр.

Бірінші фактор – адамдардың елдің болашағына сеніммен қарауы. Қазақстанның 2030 жылға дейін даму Стратегиясы нақ өмірлік болашаққа деген сенімділікті, түсінушілікті арттырған құжатқа айналып, қоғамымыздың қарқынды түрде дамуын алға жетелеудің болжамды жоспарын ұсынды. Ал Стратегияда айтылған жоспарларды сатылай жүзеге асыру ел азаматтарының әлеуетін жүзеге асыруға зор мүмкіндіктер береді.

Екінші фактор – еліміздің өткен тарихы. Халқымыз бірде-кем байтақ елінің ең даласынан көз алартқан сырт дұшпанға ұлтарақтай да жерін қимай, жауымен қасық қаны қалғанша шайқасатын қаһарлы қазақ болса, енді бірде табалдырығын аттаған қонағын құдайдай күтіп, оған дастархан боп жайылуға, төсек боп төселуге дайын дархан қазақ. Толеранттылық сөзінің бір синонимі “қазақы мінез” болар, сірә.

Үшінші фактор – мемлекет құраушы жергілікті халықтың өзіндік ерекшелігі. Қазақтар мыңдаған жылдар бойы сыртқы жағдайлардың өзгеріп тұруында өзіндік бейімделу мүмкіндіктерін көрсете алған ұлы көшпенділер мәдениетінің мұрагерлері.

Қазақ жері арқылы өткен Ұлы Жібек жолы Батыс пен Шығыс өркениетін байланыстырушы алтын көпір іспеттес қызмет атқарып, керуен жолдары мәдениет және біліммен екі бағытты да сусындатты. Көне қазақ жеріне өзіндік зор ықпалын тигізді. Жалпы, Жібек жолының қазақ жерінен өтуінің өзі мәдениет әртүрлілігін, басқалар мәдениетіне, тіліне және діни көзқарасына деген түсінушілігін қалыптастырғаны белгілі.

Төртінші фактор – қазақтың ұрпағын кек сақтамайтын етіп тәрбиелей алу қасиеті. Қазақ басынан тағдырдың талай қатал сынын кешірді. Беріден қайырғанның өзінде, XVII-XVIII ғасырлардағы Жонғар шапқыншылығы, Ресей империясының езгісі мен кешегі Кеңес өкіметі заманындағы зобалаң аштықтың басынан кешіріп, саяси қуғын-сүргіннің де құрбаны болған халық. Алайда, қылышынан қан тамған замандарда таңдары азаппен атса да, басқадан кек алу мақсатында қылышын қайрамаған, тағдырдың ауыртпалығына қайсарлық танытқан халық. Өткенге бой ұсынбай, келешекті аңсап ел бірлігі мен молшылығын бата тілегіне қосып ұрпағына аманат ретінде қалдырып отырған халық.

Бесіншіден, жазба әдебиеті кешірек дамығанмен, ғасырлар бойы ұрпақтан-ұрпаққа аманат ретінде жеткен, сарқылмас мол қазына болып табылатын ауыз әдебиеті, батырлар жырлары, Қазтуған, Шалқияз толғаулары мен Доспамбет, Бұқар жырау, Дулат, Махамбет сынды жауынгер ақын-жыраулардың отаншыл шығармашылығы арқылы бүгінгі ұрпағына Отанға деген сүйіспеншілікті дәріптеп, қазақ болып туғанын мақтанышпен ауыз толтыра айтуға мүмкіндік беріп отыр. Тарихы бар халық қана – ұлы халық.

Алтыншы – халықтың ұлылығын танытатын тағы бір белгі – оның тілі. Сонау XIX ғасырда қазақ мәдениеті мен тілін зерттеген Еуропа ғалымдары түркітанушылар В.Радлов, П.Мелиоранскийлер «түркі тілдерінің ішінде ең таза тіл – қазақ тілі» екенін атап кетеді. Қазақ тілі білімінің негізін қалаушы А.Байтұрсынов қазақ тілін былай деп бағалайды: «түркі тілін XX ғасырға дейін аздырмай, қаз-қалпында сақтап келген алғыс пен абайрой қазаққа тиіс». Тілге деген бұдан асқан баға болмаса керек. Қандай



қиын кезеңдерді бастан кешірсе де, қиыннан қиыстыра алатын тілінің байлығын, оның тазалығын кейінгі ұрпағына жеткізе алған халық ұлы халық емес пе?!

Жетінші – жаугершілік замандарды басынан кешіріп, халық ретінде жойылудың аз-ақ алдында болған қазақ “қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған” заманды аңсап, бейбіт өмірді қалаған халық екенін танытып, бауырына сан ұлттың баласын басып, дастарқанын бөлісіп, талайға баспана беріп отыр. Бүгінгі көп этносты Қазақстандағы татулық пен келісімнің болуы да, ең алдымен қазақтың ұлылығын танытса керек. Мемлекет құраушы халық ретінде қазақ халқы елдегі этносаралық бірлік пен келісімнің сақталуына қалай жауапты болса, басқа этностар да мемлекеттің алдында өз жауапкершілігін соншалықты сезінуі қажет деп ойлаймыз.

Біздің Приозерск қаламызда да көптеген ұлттар мен ұлыстарының өкілдері татутәтті, ауызбірлікпен, ынтымақпен ғұмыр кешіп жатыр. Гүл жайнаған көктемнің мамыр айының басында кіріп келген осынау мерекемен газетіміздің ұжымы шын жүректен құттықтайды және тұрғындарға мықты денсаулы, қажымас қайрат, еңбекте жетістік пен табыс, өмірде ауызбірлік пен татулық, әр шаңыраққа қуаныш-шаттық, ырыс пен береке тілейді!

Н. ҚЫДЫРМҰРАТУЛЫ,
«Приозерск қаласының ішкі саясат,
мәдениет және тілдерді
дамыту бөлімі» ММ



«РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫ» ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ОНЛАЙН КЕҢЕСТЕ ТАЛҚЫЛАНДЫ

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеологиялық жұмыстың негізгі бағыты ретінде үнемі күн тәртібінде болуы тиіс. Осы орайда өткен үш жылда атқарылған игі жобаларды жемісті жалғастыруымен қатар, бағдарламаның нағыз халықтық мәнін ашып, таң жобаларды іске қосу, жұмысты жаңа форматта ұйымдастыру маңызды. Бұл туралы бүгін облыс әкімінің орынбасары Абзал НҮКЕНОВТИҢ торағалығымен өткен онлайн кеңесте айтылды.

Zoom форматында ұйымдастырылған кеңеске облыс әкімінің штаттан тыс кеңесшісі Бекзат Алтынбеков, облыстық ішкі саясат басқармасы басшысы Ерлан Құсайын, «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің басшысы Айтбай Жұмағұлов, тарих ғылымдарының кандидаты Нұрсахан Бейсембекова, Saуaqғa Aqparat ЖШС директоры Қамбар Ахметов, облысымыздың барлық қала, аудан әкімдерінің орынбасарлары, облыстық басқарма басшылары, жоғары оқу орындары проректорлары қатысты.

—Ақпан айында облыс әкімінің қатысуымен өткен жиналыста «Рухани жаңғыру» жобалық кеңесінің жұмысын күшейту, бағдарламаны жан-жақты жүзеге асыру жайында тапсырмалар берілген болатын. Біз бүгін сол мәселелердің қалай шешіліп жатқанын қарастырып, алдағы жоспарларды талқылаймыз, — деген А.Нүкенов бағдарлама аясындағы жұмыстардың маңыздылығына тоқталып өтті. Елдегі

төтенше жағдай шараларына байланысты біраз жоспарларды шегеруге тура келгенімен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы идеологиялық жұмыстың негізгі бағыты ретінде карантин уақытында назардан тыс қалмауы керектігін атап айтты.

Бұдан әрі сөз алған облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы Ерлан Құсайын 2019 жылғы жұмыстың нәтижесіне талдау жасап, алдағы уақытта назарға алынуға тиіс мәселелер туралы айтты. Бағдарлама жұмысын қарқынды түрде істеу үшін жаңа жобалар, жалпы жұмыстың жаңа форматын іздеу қажеттігін алға тартты.

Айта кету керек, қазір облыста бұл бағытта бірқатар жұмыстар қолға алынған. Облыс әкімінің «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша штаттан тыс кеңесшісі болып Бекзат Алтынбеков бекітілді және облыстық жобалық кеңесінің басшылығына Айтбай Жұмағұлов тағайындалды. Жобалық кеңес «Saуaqғa Aqparat» медиахолдингі құрамына енгізіліп, кеңес жұмысында мазмұндық өзгерістер болды. Қазіргі күні штаттық құрылымы нақтыланып, кадрлық құрам толықтырылу үстінде.

Келесі кезекте сөз алған жобалық кеңес басшысы Айтбай Жұмағұлов жыл басынан бері жүзеге асырылып жатқан және алдағы уақытта іске қосылатын жобалармен таныстырды.

— Әлемдік пандемия біраз жоспарларымызды тежеді. Барлық іс-шаралар, өңірлердегі жобалар карантин уақыты біткен соң қарқынды жүзеге асырыла бастайды», —

деген ол кей аудандарында күні бүгінге дейін бағдарламаға жеткілікті деңгейде мән берілмей келе жатқанын мәлімдеді.

Өз кезегінде облыс әкімінің орынбасары Абзал Нүкенов барлық аудан-қалалар бағдарламаның орындалуына белсенді қатысуы қажет екенін атап айтты. Өсіресе, бытыр төмен нәтиже көрсеткен аудандар белсенді жұмыс істеуі керек. Әрі, бұған төтенше жағдай мен карантин кедергі келтірмеуі тиіс.

«Рухани жаңғыру» бағытындағы жұмыстарыңызды сараптап, облыстық жобалық кеңесмен бірлесе отырып, жұмысты жандандырыңыздар! Карантин себеп емес! Керісінше осы уақытта тың идеялар ұсынып, бағдарламаның нағыз халықтық мәнін ашып, жұмыс істеулеріңіз керек, — деді Абзал Нүкенов.

Кеңес жұмысына қатысушылар ұлт руханиятының шынайы жанашыры әрі нақты қолдаушысы Бекзат Алтынбековтің оралымды ойлары мен орнықты пікірлеріне де қызыға құлақ түрді.

Бұдан бөлек, жиын барысында «Тұлғану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Нұрсахан Бейсембекова бағдарламаға арналған әдістемелік нұсқаулықпен таныстырды.

А.Нүкенов ғалым бұл нұсқаулықты барлық аудан, қалалар, басқарма басшылары, әсіресе білім беру мекемелері, колледж, жоғары оқу орындар, мәдениет мекемелері өз жұмыстарында басшылыққа алуы қажеттігін атап айтты.

Сонымен қатар, жиын барысында Мәде-



ниет, архив және құжаттама басқармасы басшысы Еркебұлан Жүмекенов облыста «Қазақстанның киелі географиясы», «Дала фольклоры мен музыкасының 1000 жылы», «Ұлы дала есімдері. Қарағанды облысының көрнекті тұлғалары» және басқа да маңызды жобалардың аясында атқарылған жұмыстарды баяндады. «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасының қалай жүзеге асып жатқаны туралы Экономика басқармасы басшысының орынбасары Гүлмира Әбішева айтып берді.

Онлайн кеңес түйінінде облыс әкімінің орынбасары күн тәртібіндегі мәселе бойынша алдағы кезеңде атқарылуы тиіс жұмыстардың жобасын саралап, салалық бағыттарға жауапты мемлекеттік мекемелердің міндеттерін тағы бір мәрте нақтылап өтті.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ
Дерек-көз: <https://ortalyq.kz/254695754-2>

ҰЛТТЫҚ САНАНЫҢ ҚАТЕРІ – ПСЕВДОСАЛАФИЛЕР

Ұлттық сана-сезім, ұлттық патриотизм әр адамды, әр халықты ұлттық ойлау қабілеті, ұлттық әдет-ғұрып, ұлттық салт-дәстүр қоршауында сақтайтын негізгі рухани байлық. Егер бір ұлттың бір бөлшегі басқа жерде, я өз Отанында бөлек ұлттың сана-сезімі негізінде тәрбиеленсе, онда ол қоғамның мүшелері басқа ұлттың әдет-ғұрпын, салт-дәстүрін қабылдайды, біраз уақыттан кейін сол ұлтқа сіңіп кетеді. Сондықтан халықты ұлт ретінде сақтайтын жалғыз жол бар. Ол жол – жас ұрпақты ұлттық сана-сезім негізінде тәрбиелеу.

Ұлттық сананың қалыптасуына және дамуына сезімдік және саналылық тұрғыдан қарауға болады. Сезімдік, ол өз елін, халқың, ұлтың сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен тұса, саналылық ұлтының өткені мен қазіргісін ұғып, келешек халық тағдыры мен ұлт мәселелеріне мемлекеттік әрі дүниежүзілік тұрғыдан қарау болмақ.

Елбасымыз «Менің халқым, өзге ұлттың түсіне кірсе, шошып оянындай ауыр-ауыр тағдырларды басынан кешті. Тіпті тұқым теберігімен қырылып, жойылып та кететін кездері болды. Бірақ азаттыққа деген арпалыс, Тәуелсіздікке деген талпыныс бүгінгі таңға жеткізді», деген болатын.

Сондықтан Тәуелсіздік біз үшін ең қастерлі де қасиетті ұғым болуға тиіс. Азаттығымыздың ширек ғасырында қоғамның барлық саласында дерлік терең де күрделі өзгерістер орын алды. Еңсесі биік елдіктің, іргесі сөгілмес бірліктің алтын ұясындай Қазақстан әлем таныған елге айналып, халықаралық деңгейде өзінің бәсекелес болуға қабілеттілігін көрсетіп келеді. Бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған азаттықты алып, Тәуелсіз ел болу бақыты бұйырған бүгінгі ұрпақ келешекке осы бағасыз құндылықты аманаттауға тиіс.

Ұлттық тіліміздің жаңғыруы

Қазіргі таңда елімізде латын әліпбиіне көшу алға қойылған бастамалардың бірі. Күллі Алаш жұрты көксеген арманымызға жеткен күн, тәуелсіздік алған күн Қазақ елі осылайша тарих сахнасында сонау ата-бабаларымыз салып кеткен сара жолмен көш керуенін қайта түзей бастады. Бірақ тек санамыз тәуелсіз болған жағдайда ғана мұны айта аламыз. Сана тәуелсіздігі дегеніміз – халықтың өз-өзіне сенуі, өз тілінің өсіп өркендеуіне сенуі, болашағына сеніммен қарауы. Өзіне сенген халық өз тілінің жаңғыруына толықтай сеніммен қарайды.

Алайда біз айтып отырған аманатқа кесірлі дүниелер заман ағымымен қалыптасуда. Қазіргі замандағы жаһандану, ұлтсыздыққа итермелейтін қауіпті идеялар мен іс-әрекеттер орын алуда. Сол бір қауіпті ең қайырсызы айта-айта жауыр болған псевдосалафилердің идеясы болып отыр. Дінтанушы ғалымдар тарапынан аталмыш идеяның зияны мен залалы зерттеліп, талдана да мәдениет пен идеяда шекара болмайтыны секілді, қоғамнан аласталмай отыр. Кесірлі идеяны таратушы мемлекеттер оның зияндылығын қазіргі таңда ұғып болды. Себебі Пайғамбардың заманынан басталған харижиттік ұстанымның ешқандай опа болмайтыны белгілі. Заманында Мұхаммед пайғамбарды дінді дұрыс ұстанбайсың деп қаралаған харижиттердің қай заманында да жойылуға тиіс идея екендігі анық.

Псевдосалафилердің қоғамға, белгілі бір мемлекетке, елдің елдік мұратын жойып, ұлтсыздыққа алып келетін қауіпті қырларын талдап көрсек.

Аллатағаланың құранда «мен сендерді ұлт пен ұлыстан жараттым» десе, ұлттық сананың болуын қаласа, псевдосалафилердің барлық мұсылманды бір ұлтқа, бір мәдениетке, яғни ұлтсыздыққа ұрындыратын идеялары қоғамды дүрліктіріп болды.

Әр ұлттың ұлттық санасы, ол елдің халқының діні мен өз мәдениетін берік ұстану арқылы қорғалады. Атап айтсақ, ол елдің әні, тілі, ұлттық тарихы болмақ. Ал, ұлттық ерекшелікті жоққа шығаратын псевдосалафилердің қазіргі таңда өзіндік мәдениетке айналып үлгіргенін байқауға болады. Ұлттық санаға қауіптілігі де сонда.

Псевдосалафилердің қатерлі мәдениетінің бірі – формализм. Яғни мазмұннан гөрі сыртқы форманы қуу. Бұл дегеніміз әр

ұлттың өмір сүру салтын унификациялау деген сөз. Өзгеше ойлайтындарға деген сабырсыздық, өздерінің пікірлерімен келіспейтіндерге қарсы зорлық-зомбылықты насихаттау қоғамдық ортада мәдениеттің қаттығына алып келеді.

Саяси және әлеуметтік қызмет салаларында белсенділік танытып, өзіндік мәдениетінің ұсақ жағдайларын сылтау етіп (*мысалы, паранджа, нишаб, т.б. өздеріне тән мәдениеттерді*) психикалық күрес әдіс-тәсілдерін қолдану, ұлттық сананы қорғау жолындағы мекемелердің қысымынан кейін, бізге қысым жасалуда деген сынды желеулерді алға тартып, өз мәдениеттерін насихаттау белең алуда.

Ұлттық сананың бірі де бірегейі, ол ұлттық тілі. Тілі шұбарланып, қолданыстан шыққан ұлттың діңгегі құлайтыны ешпаңдан белгілі. Сол ұлттың тілдік өзгешіліктер өз тілімізге еніп, тілімізді байытса өз алдына, алайда олардың өзіндік тіл ерекшеліктерімен өзгешеленіп, үй ішінен үй тігіп алатын әрекеттері, оларды оңашаланып, қазақи сөздерді айтуға қор санайтыны, араб тіліне ұмтылатындығы ұлттық санаға тілдік әрекеттер арқылы шабуыл деп түсінген жөн. Мәселенің ең маңыздылығы кейбір өзгеше тілдік ерекшеліктерді пайдаланып, қаны бір азаматтардың арасына сына қағып, араздықты қоздыратыны тағы бар.

Ең маңыздысы қоғамды «мұсылмандар» және «мұсылман еместер» деп екіге бөліп қарастыру псевдосалафилерге тән құбылысқа айналды. Мұсылман жамағатының өзін жікке бөліп, шынайы мұсылмандар деп тек псевдосалафизмді ғана мойындау арқылы қарапайым халықтың ұлттық мәдениетін жоққа шығарған өзіндік мәдениетін өз ортасында насихаттау белең алуда. Мәселе осы сынды қауіпті

Жат ағымдардан ақтанайық!

идеялармен адасқан азаматтарымыздың жалпы санының көбеюі болып отыр.

Халықтың халық болып өмір сүруі, не жырымдалып жүріп өз бет-бейнесінен айырылуы сол ұлт өкілінің өзінен кейінгі ізбасарына бабалар аманатын қай сапада жеткізуіне байланысты. Материалдық дүниенің соңында қуалаймыз деп, ұлттық санамыздан ажырап қалсақ, бабалар аманатын аяқасты еткенімізбен бірдей. «Адам баласы басына қонған бақты сезбейді, ұшқанда бір-ақ біледі», деген батыр Баукеңнің асыл сөзіндей, әрбір халықтың шыққан тегі мен тарихы, моральдық-құқықтық мәдениеті болатыны анық. Қазақ халқы тарих сахнасында қаншама қилы-қилы замандарды басынан өткізіп, ешкімге ұқсамайтын бітім-болмысы мен жақсы қасиеттерін жоғалтпай, әлемдік қауымдастықтан өз орнын алуға ұмтылуда. Өркениетке ұмтылған қазақ елі бүгінгі таңда тарихқа тағзым жасай отырып, өшкенін жандырып, болашағын бекемдеуде. Ал, бұл асыл мақсатқа кесір болар қатерлі идеялармен әрдайым күресу ұлттың баласына міндеттелген парыз болмақ.

Ұлттық тарихи санамызды жаңғырту-ұлт болып қалудың негізгі мәні. Өткенмен сабақтастық негізінде қалыптасқан, сана тамырын ұлтының тарихи қойнауына жіберген азамат ғана ұлтының шынайы перзентіне айналары хақ.

Жарас Аханов,
ҚР ДИАҚМ Дін істері комитеті
Дін мәселелері жөніндегі ғылыми-зерттеу және талдау орталығының бөлім басшысы.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің» ММ тапсырысы аясында

ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЛІПБИ ТӘУЕЛСІЗ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТАДЫ

Саралап айтар болсақ жыл барысында тіліміздің жаңғыруы жолында біраз ішаралар өтіп келеді, бұның дәлелі ретінде айтарымыз қыркүйек айында өткізілген жалпы облыстық диктантты атап айтсақ болады. Жаңа әліпбиді насихаттау мақсатында түсіндіру жұмыстары және тренингтер қала мекемелері қызметкерлеріне де жүргізіліп жүр. Бізді қуантарлығы тренингтерге қатысып жүрген мекеме қызметкерлерінің де

латын графикасында жазуы және латын қаріптерімен жазылған мәтіндерді оқу деңгейі жылдан жылға жақсарып келеді, әсіресе жастар жағы латын әріптерінде оқуға және де жазуға дағдыланып қалғандығы байқалады.

Болшақта жаңа әліпбидің тәуелсіз санамызға толықтай сіңісіп, тіліміздің одан ары өркендеп нығая түсетіндігінің дәлелі – бұл жастарымыздың тілге құрметі мен тал-

пынысы деп біліемін. Алдағы уақытта да тіліміздің жаһандануы жолында, еліміздің тілінің қайта жаңғыруы жолында көптеген атаулы шаралардың жүргізілуіне тіл жана-шырларының тигізетін септігі мол болады деп сенеміз.

Г. Жұмабаева,
«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ әдіскері



ШӘМШІНІҢ ШӘПКЕСІ



Қазақ халқында «Шәмші, Шәмшінің әні» десе, ішкен асын жерге қоймайтын жан жоқ. Адам жүрегін тебіrentетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық болмас...

1930-жылдың 15-тамызында Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданы, Шәуілдір ауылында дүниеге келген Шәмші Қалдаяқов – қазақтың ұлттық музыка өнерінің ән жанрына аса айқын да соны леп ала келген сазгер. 1950-жылы Сарыағаштағы Қапыланбек малдәрігерлерлік техникумын бітірген Шәмші 1951-1954-жылдары Қиыр Шығыста әскери борышын атқарды. Шығармашылық жұмыспен 1950-жылдан бастап айналысқан ол 1955-жылы Ташкенттегі музыка училищесінің музыка теориясы факультетіне (проф. В.В.Великановтың класы бойынша) қабылданды. Қазақ халқында «Шәмші, Шәмшінің әні» десе, ішкен асын жерге қоймайтын жан жоқ.

Адам жүрегін тебіrentетін сезімдердің қайсысы болмасын – асыл ана, ардақты әке, мөлдір сезім, шынайы махаббат – осының бәрі Шәмші әндерінің тақырыбы десек – артық айтқандық болмас.

Қалдаяқов – композитор және Қазақстанның халық әртісі. Оның шығармаларының тақырыптық, мазмұндық ауқымы кең. Шәмші шығармаларының қайсысын алмайық, олардың басты тақырыбы – елге, жерге, Отанға деген сүйіспеншілік. Оның әндері құлаққа жағымды, жүрекке жылы қабылданады. «Ақ ерке – Ақ жайық», «Арыс жағасында», «Сыр сұлуы», «Жарқырайды Жезқазған», «Қарқаралы», «Фосфорлы Жамбыл», «Талдықорған – әнім менім», «Теріскей», «Мойынқұмда», «Отырардағы той», «Өмір – өзен» т.б. өлеңдерінен кең байтақ жерімізге, елімізге деген ыстық ықылас, мейірім, сүйіспеншілік сезімдері байқалады. Ал «Бақыт құшағында», «Бәрінен де сен сұлу» сияқты әндері жастық жігер мен шаттыққа толы. Сазгердің «Ана туралы жыр» әрбір аналар мерекесінің, аналар тойының сәні болса, марш екіпінді, мағына-мазмұны терең «Менің Қазақстаным» әні бүгінгі күні тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің әнұраны болып отыр.

Сүйікті халқын ән бесігіне, вальс ырғағына бөлеген аса белгілі сазгерді есте сақтау мақсатымен Шымкент қаласындағы облыстық филармония мен бір көше, Алматы қаласындағы бір көше, композитордың туған өлкесі – Шәуілдір ауданындағы музыка мектебі Қалдаяқовтың есімімен аталады. Шымкент филармониясының алдына сазгердің ескерткіші орнатылған. Ал 1992-жылдан бастап жыл сайын сазгерлер мен әншілер үшін Қалдаяқов атындағы халықаралық байқау-фестивалінің өтілуі – Шәмшіге деген халық

ілтипатының белгісі. 2002-жылы «Шәмші-ғұмыр» атты естеліктер мен мақалалар жинағы жарық көрді. Осы жерде Шәмші туралы бұрын-соңды еш жерде жарық көрмеген, ел естімеген тың деректі оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік. Мұны жазып, бізге жіберген Алматы қаласында тұратын жерлесіміз, елде жүргенде басшылық қызметтер атқарған Манай Сатанов. Енді осы әңгіме-дерекке назар аударыңыздар.

Әйгілі сазгер Шәмші Қалдаяқов көптеген суреттерінде қарақөл елтірісінен тігілген шәпкесімен түскен. Алматы қаласындағы ескерткішінде де сол шәпкемен орындықта отырғаны бейнеленген. Сол көзартар әдемі шәпкенің тарихы туралы білетінімді сіздермен бөлісуді жөн көрдім. Шәмші аға Тамды жеріне Қани Амандықов ақсақалдың шақыруымен барғанын, қонақжай елдің тірлігі мен бірлігін көріп, алған әсерінің арқасында атакты «Тамды аруы» әні туғанын білеміз. Ал басындағы әдемі шәпке туралы көп кісі біле бермесе керек.

Өткен ғасырдың 70-жылдарының орта тұсында Шәмшінің Тамды елінде қонақта жүргенін естіген көршілес Кенімех ауданының бас көтерер азаматтары Шәмші ағаны өздеріне қонақ болуға шақыруды ұйғарады. Бұл сауапты істі аудандық тұтынушылар одағының (РайПО) бас есепшісі, ел ақсақалы Зейнетбек Елубеков қолға алады. Сол уақытта РайПО-да істейтін, тепсе темір үзетін жас жігіттер Амангелді Ақылбаев, Дәулет Шәмбетов және Володя Қасымовтарды шақырып, ақылдасады. Мақсаты – қалайда Шәмшіні Кенімех ауданына шақырып қонақ ету, егер келе алмайтын жағдай болса, аудан халқы атынан сый-сияпат жасау. Содан жігіттер сазгердің басының өлшемін шамалап, баскиім

Қызықты тарихи дерек

шеберіне бір тәулікте «антика» елтіріден шәпке тіктіреді. Сөйтіп, бір бума он сомдық пен бір алтын сағатты, «антика» шапканы алып, Тамдыға қарай тартады.

Тамдыға жеткен соң, сұрастыра келе Шәмшіні тауып, бір кеш жанында болып, әңгіме-дүкен құрады. Отырыс соңында Зейнетбек ақсақал Шәмшіні өз ауданына қонаққа шақырады. Шәкең кенімехтық азаматтардың шын пейіліне шынайы ризашы-лығын білдіріп, уақытының өлшеулі екенін, бара алмайтынын айтады. Келесі жолы арнайы келуге уәде береді. Қоштасу алдында Зейнетбек аға Шәмшіге «конверттегі атты мінгізіп», қолына алтын сағат тағып, басына «антика» шәпкені кигізеді. Басына қона кеткен шәпкеге Шәкең қатты риза болыпты. Бір қызығы – сол шәпкені Шәкең өмірінің соңына дейін қысы-жасы басынан таста-мапты.

Осы тұста «антика» деп аталатын қарақөл елтірісі туралы екі ауыз сөз айта кетейін: Тауелібай өңірін елге танытатын бұл қарақөл түрі Тамды ауданының Алдаберген мен Құлымбет елді мекендерін жайлаған байларда ғана болған. «Антика» атауы – керемет, ерекше, ғажайып деген мағына береді. Қарақөлдің сирек кездесетін осы сортының басқа елтірі түрлерімен салыстырғанда базардағы құны 15-20 есе бағалы болады. Бұл елтірі туралы, сәті түссе, көп деректерді қамтитын өз алдына үлкен мақала болмақ.

«Тамды аруын» асқақтатқан қазақтың біртуар тұлғасы Шәмші Қалдаяқов Алматының төрінде Тауелібай өңірі – Кенімех елі сыйлаған «антика» шәпкесін киген қалпында отыр.

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ

Светское общество и высокая духовность

Сегодня, правовые основы свободы вероисповедания и убеждений граждан в светских государствах в корне отличаются от правовых основ аналогичных сфер в теократических государствах. Данные основы в первую очередь происходят от принципа отделения религии от государства. Например, светскость определяется наличием юридического понятия как свобода совести, которая является более широким понятием нежели свобода выбора религии, и охватывает в том числе свободу выбора мировоззрения вне религиозных убеждений. В светских государствах правительство, закрепляя за гражданами эти права и свободы, обязуется защищать его; в отношениях с гражданами и общественными объединениями государство не ставит во главу угла их религиозные убеждения и прежде всего руководствуется принципами гражданского равенства; религия (как социальный институт и субъект общественных отношений) отстраняется от процесса создания и продвижения государственной политики (в случаях когда, политика не затрагивает вопросы вероисповедания, а имеет общегосударственную направленность); «религиозный аспект» сохраняется в общественной и частной жизни граждан; государство не полагается и не руководствуется религиозными и теологическими принципами в своей внутренней и внешней политике; государственные и религиозные права отделяются друг от друга, и при решении социально-правовых и гражданских противоречий судьи и правозащитные организации руководствуются государственными законами; в свою очередь религиозные права в значительной степени применяются в рамках религиозных объединений, на которых не возлагаются функции и обязанности государственных органов и органов местного самоуправления;

С момента утверждения и принятия Конституции Республика Казахстан планомерно обеспечивает соблюдение принципа светскости. Сегодня граждане нашей страны имеют право единолично или сообща с другими свободно выбирать, придерживаться, практиковать религию, или не придерживаться ни одной религии вообще. Существование на территории страны различных конфессий и религиозных убеждений особо подчеркивает важность поддержания светских принципов. Казахстан является демократичной страной, которая с

ПРИНЦИП СВЕТСКОСТИ: ГРАНЬ МЕЖДУ ДОЗВОЛЕННОЙ РЕЛИГИОЗНОСТЬЮ И ПАГУБНЫМ РАДИКАЛИЗМОМ

уважением относится к свободе убеждений граждан, что в свою очередь отражается в равноправии граждан вне зависимости от религиозных убеждений. Наша страна поддерживает религии, которые имеют культурную и историческую ценность для духовного наследия народа Казахстана в контексте поддержания межрелигиозного согласия. Это является большим достижением и главной демократической ценностью нашего государства с момента принятия Конституции.

Закон Казахстана «О религиозной деятельности и религиозных объединениях», принятый 11 октября 2011 года, гарантируя реализацию прав граждан на свободу религии и убеждений описанных в международных договорах и соглашениях, также упрочил правовую базу по обеспечению принципа светскости нашей страны. В частности Закон гласит, что Республика Казахстан утверждает себя демократическим, светским государством, подтверждает право каждого на свободу совести, гарантирует равноправие каждого независимо от его религиозного убеждения, признает историческую роль ислама ханафитского направления и православного христианства в развитии культуры и духовной жизни народа, уважает другие религии, сочетающиеся с духовным наследием народа Казахстана, признает важность межконфессионального согласия, религиозной толерантности и уважения религиозных убеждений граждан.

Новое казахское общество очень близко к духовности, и это уже видно из большого интереса людей к религии. К сожалению данное явление в наше время часто используется в деструктивных целях. Так в социальных сетях и средствах массовой информации часто спекулируют на тему религиозности наших граждан, трактуя нормы о запрете на религиозную практику в государственных учреждениях, как запрет на религиозные убеждения среди государственных служащих. В данном случае следует понимать, что государственный служащий это прежде всего представитель государства. Как и любой гражданин нашей страны он имеет право придерживаться определенных убеждений, однако как представитель государства он должен ясно понимать, что его убеждения не должны влиять на его

решения как государственного служащего. Нет ничего плохого в том, что человек руководствуясь религиозными соображениями не совершает преступлений, честно выполняет возложенную на него работу и стремится к совершенству, однако как представитель светского государства, на работе он не должен демонстрировать свои религиозные убеждения, руководствоваться ими при принятии решений. Такое действие государственного служащего может стать причиной нарушения общественной стабильности и нанести вред межконфессиональному согласию в стране.

В своем Обращении к народу Казахстана «Казахстанский путь – 2050: Единая цель, единые интересы, единое будущее» Глава государства Н.Назарбаев среди ключевых ценностей страны подчеркнул светское общество и высокую духовность. Эти ценности неразрывно связаны между собой. Стоит отметить, что светскость не подразумевает отказ или отрицание религиозных ценностей, а лишь декларирует, что правительство руководствуется не религиозными, а правовыми нормами государства, а отношение государства к вопросам религии и свободы вероисповедания характеризуется демократичностью. Понятие «светскость» на конституционной основе означает, что государство имеет четкую, прозрачную политику во всех сферах, включая религию, обеспечивает свободу совести.

Светскость – это признание и уважение разнообразия религиозных и иных убеждений каждого человека. В светском государстве религия имеет свое место, и принцип разделения религия и государства, она не отделена от жизни общества. Религия является одним из важнейших факторов внутренней политики, культуры и духовной жизни общества. Светское государство также регулирует деятельность религиозных объединений, так как они являются неотъемлемой частью гражданского общества. Ведь риски возникновения межрелигиозных разногласий и нетерпимости не только является угрозой для согласия в государстве и обществе, также она представляет непосредственную угрозу для прав и свобод граждан. По этой причине государственно-конфессиональные отношения основаны на диалоге, взаимо-

понимании и сотрудничестве. Это является залогом стабильности и безопасности в стране.

Народ с высокой духовной культурой являлся драйвером развития и процветания государства во все времена. Понятие «высокая духовная культура» также имеет отношение к религии, хотя не обязательно происходит из нее. На протяжении веков казахский народ воспринимал религию в качестве основы духовности. Духовные ценности нации сочетались с принципами религии. Такие качества народа Казахстана как человечность, взаимоуважение, нравственность, стремление к знаниям, трудолюбие, патриотизм благодаря соиздательному влиянию религии стали неотъемлемой частью уникального национального кода. То есть духовность народа стала основой традиционных ценностей. Традиционные ценности народа Казахстана стал залогом успеха и развития нашей культуры, искусства речи, рукоделия, зодчества и архитектуры. Великие представители нашего народа внесли неоценимый вклад в мировую науку. Особенно в последние века казахская наука и культура развивались динамично.

Грань между религиозностью человека и пагубным радикализмом лежит в правильном понимании идеалов светского общества. Продвижение и укрепление принципа светскости залог сохранения высокой религиозной культуры и согласия в обществе. Это ведет к пониманию сути религиозных ценностей, а ее принятие гражданским обществом выстраивает понимание грани между религиозностью и фанатизмом. Продвижение принципа светскости в обществе никак не означает ослабление роли религии, а на против укрепляет ее роль поддерживая и защищая свободу вероисповедания и свободу убеждений на равноправных условиях для всех субъектов гражданского общества.

Жоламан А.Е.,
руководитель Отдела развития
межрелигиозного диалога МЦКР.

По заказу ГУ «Отдел внутренней
политики, культуры и развития языков
г.Приозерск»

КАЛА ТҮРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА

«ЕҢБЕК ЖОЛЫ»
- 2020 КОНКУРСЫ

2020 жылғы 15 наурыз бен 30 сәуір аралығында «Еңбек Жолы» байқауына қатысуға ниеттенген үміткерлерден өтінімдер қабылдана бастайды.

Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Өндірістің үздік жас қызметкері», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» номинацияларынан тұрады.

Аталған конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурс 2 кезеңде өтеді: «Еңбек жолы» конкурсы жеңімпаздарын облыстық және республикалық деңгейде іріктеу.

Республикалық комиссия жеңімпаздарды конкурстың әр номинациясы бойынша (бірінші, екінші, үшінші орындар) анықтайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың (саласына қарамастан) барлық қызметкерлері қатыса алады.

«Үздік еңбек әулеті» — ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар ең үлкен әулет таңдалады.

«Өндірістің үздік жас қызметкері» — өндірістің еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор қызметкері таңдалады.

«Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» — кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең белсенді және тиімді тәлімгер таңдалады. Конкурстың әр номинация бойынша жеңімпаздарды ақшалай марапаттау мақсатында 1 орынға — 1 000 000 (бір миллион) теңге, 2 орынға — 500 000 (бес жүз мың) теңге, 3 орынға — 200 000 (екі жүз мың) теңге мөлшерінде сертификаттар беріледі.

«Еңбек Жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес «Еңбек Жолы» облыстық конкурсына қатысу үшін үміткерлерден алынған ресімделген материалдарды «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ (Приозерск қ. Балхаш к., 5 т. 5-49-40) 2020 жылғы 29 сәуір күні сағат 17-00-ге дейін мерзімде ұсыну қажет.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, ынталы жас қызметкерлерді және олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ

ВНИМАНИЮ ЖИТЕЛЕЙ ГОРОДА

КОНКУРС
«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» - 2020

С 15 марта по 30 апреля 2020 года стартует прием заявок от претендентов для участия в конкурсе «Еңбек

Жолы».

Конкурс включает в себя три номинации: «Лучшая трудовая династия», «Лучший молодой работник производства», «Лучший наставник работающей молодежи».

Данный конкурс определяет лучшие трудовые династии и работников производства в целях воспитания молодежи в духе уважительного отношения к труду, сохранения и приумножения трудовых традиций.

Конкурс способствует повышению статуса Человека труда в обществе и стимулирования производительности труда под эгидой «Общества всеобщего труда».

Конкурс проводится в 2 этапа: отбор победителей конкурса «Еңбек Жолы» на региональном уровне и на республиканском уровне.

Республиканская комиссия определит победителей по каждой номинации (первое, второе и третье места).

В Конкурсе могут участвовать все работники предприятий (вне зависимости от отрасли).

«Лучшая трудовая династия» — выбирается самая многочисленная династия с самым продолжительным трудовым стажем,

имеющая наибольшее количество наград.

«Лучший молодой работник производства» — выбирается самый активный и трудолюбивый работник производства со стажем работы не более 5 лет.

«Лучший наставник работающей молодежи» — выбирается самый высокоэффективный наставник со стажем работы не менее 20 лет.

В целях денежного вознаграждения победителей по каждой номинации Конкурса будут предоставляться денежные сертификаты за 1 место — 1 000 000 (миллион) тенге, за 2 место — 500 000 (пятьсот тысяч) тенге и 200 000 (двести тысяч) тенге за 3 место соответственно.

Материалы от претендентов, оформленные в соответствии с методическими рекомендациями по проведению конкурса «Еңбек Жолы», необходимо предоставить в ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск» (г. Приозерск, ул. Балхашская, 5, тел 5-49-40) в срок до 17-00 ч. 29 апреля 2020 года для участия в областном конкурсе «Еңбек Жолы».

Призываем принять активное участие в Конкурсе, как представителей трудовых династий, так и инициативных молодых работников, а также их наставников.

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»

БОЛЕЕ 76 ТЫСЯЧ ЖИТЕЛЕЙ
КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ БУДУ ОБЕСПЕЧЕНЫ
ПРОДУКТОВО-БЫТОВЫМИ НАБОРАМИ

Жители региона в полной мере ощущают поддержку, которую им оказывают местные исполнительные органы на период чрезвычайного положения. В каждый город и поселок дошли средства на продуктово-бытовые наборы, которыми поручил обеспечить Президент страны Касым-Жомарт Токаев. По состоянию на 20 апреля их уже получили более 18 тысяч человек на общую сумму 103,3 млн тенге.

Продовольственной корзиной поддержали инвалидов всех групп, детей от 6 до 18 лет из семей, которым назначена АСП, несовершеннолетних с особыми потребностями и родителей, их воспитывающих, а также официально зарегистрированных безработных.

Татьяна Зайцева – инвалид I группы с диагнозом «рассеянный склероз». Как горько она шутит, заболевание на последние 15 лет посадило Татьяну Васильевну на домашний карантин. Помимо этого, у 64-летней женщины немало сопутствующих

болезней.

Я с детства не отличалась хорошим здоровьем. Но по молодости как-то не замечала ни головокружения, ни ухудшения чувствительности. Мучали лишь сильные головные боли. С годами становилось все хуже, а окончательный диагноз поставили в 2004 году. Тогда и получила I группу инвалидности, - рассказывает жительница Абайского района.

Татьяна Васильевна подчеркивает, что государство ее наедине с бедой не оставило. Помимо положенного пособия, к ней направили индивидуального помощника, которая ходит в магазин, аптеку, оплачивает коммунальные услуги и помогает в домашних хлопотах. С началом карантина, женщина получила дополнительные средства, положенные на продуктово-бытовые наборы.


Отрадно, что нас, людей с ограниченными возможностями, не забывают. Окружают заботой, что не может не радовать. И в такие трудные минуты, мы ощущаем внимание со стороны государства, - с

благодарностью говорит Татьяна Зайцева.

Подправила свой семейный бюджет и многодетная мать из Шахтинска Гульбахар Жужасарова. Из пятерых ребят, четверо – школьники, а самому младшему всего лишь полтора года. Обучающиеся дистанционно старшие получили ноутбуки, по которым и выполняют уроки. Кроме того, каждому из них выдают по 5 567 тенге, а малышу привезли детское питание.

Также продуктами помогли моему мужу в организации, где он работает. Это компания – услугодатель. Мы еще являемся получателями АСП, которую назначили в 43 тысячи тенге. Помимо этого, учредили еще и пособие в 53 тысячи тенге по поручению Главы государства. Все это стало для нас существенной поддержкой, - радуется Гульбахар Жужасарова.

Обе собеседницы подчеркнули тот факт, что за получением дополнительных средств, выделенными на приобретение продуктов, им не пришлось обивать пороги многочисленных инстанций, писать заяв-

Поддержка населения
в период ЧП

ления и заполнять документы. Список получателей был сформирован городскими и районными акиматами, которые не забыли ни одного нуждающегося.

До настоящего времени 35,1 млн тенге были перечислены для 6316 детей региона. До конца апреля продовольственными корзинами будут обеспечены более 76 тысяч человек на сумму 427 млн тенге.

ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск»

Источник: <https://www.inform.kz>

Болашаққа нақты қадам

ЛАТЫН ӘРПІНЕ НЕГІЗДЕЛГЕН
ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ӘЛІББИ

«Балбөбек» бөбекжайы педагогтерінің ұйымдастыруымен «Латын әрпіне негізделген қазақ тілінің әліпбиі» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты латын әліпбиіне көшудің маңыздылығы туралы терең мағлұмат беру және қоғамдық пікір қалыптастыру болатын. Дөңгелек үстел барысында латын әліпбиінің тарихы туралы айтылып өтті. Бөбекжай тәрбиешісі Ускенова Мадина Рахманбердіқызы «Латын әрпіне негізделген қазақ тілінің әліпбиі» тақырыбында баяндама оқып, қызметкерлер арасында тәжірибе жүзінде ойындар

ойнатылды. Қызметкерлердің латын графикасына қан-шалықты жаттыққанын анықтау мақсатында сөздік диктант алынды. Қызметкерлер дөңгелек үстел барысында өз ойларын ортаға салып, пікірталас жүргізді.

«Болашағымыз жарқын, егемендігіміз мәңгі болып, дамыған озат елдердің қатарынан ойып тұрып орын алғымыз келсе, туған тілімізді сақтайық дегім келеді!» - деп аяқтады сөзін бөбекжай тәрбиешісі Мадина Рахманбердіқызы.

М.Р. Ускенова,

«Балбөбек» бөбекжайының тәрбиешісі

ПАРИКМАХЕРСКАЯ
«МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам, укладке, по маникюру, наращиванию ногтей и педикюру.

Ждем Вас по адресу:

ул. Космонавтов, 5-107

Время работы:

с 10.00 час. до 19.00 час.

Выходной - Понедельник

Запись по телефону:

мастера-парикмахеры:

8-775-274-25-87 (Анталей)

8-747-970-25-81 (Карлығаш).

На маникюр:

8-708-235-35-19 (Анастасия)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве

связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г.

Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15,

Заказ № 17/661. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы

обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный

адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г.Приозерске и г.Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041